

Валюталық реттеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 24 желтоқсан N 54-І. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2005.06.13. N 57 Заңымен (жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) (Z050057)

Осы Заң Қазақстан Республикасы аумағындағы валюталық операцияларды жүзеге асыру принциптері мен тәртібін, валюталық операциялар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін, валюта заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілікті айқындайды.

I-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қазақстан Республикасының валюта заңдары

Қазақстан Республикасының валюта заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінен және валюталық реттеу органдарының нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен, 2001.01.30. N 154 Заңымен.

1-1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) валюталық реттеу - уәкілетті мемлекеттік органдардың (валюталық реттеу органдарының) елдің төлем балансын нығайту, ұлттық валютаның тұрақтылығын, ішкі валюта рыногын дамытуды қамтамасыз ету мақсатында валюталық операциялар жүргізу тәртібін белгілеу және оның сақталуын бақылау жөніндегі қызметі;

2) валюта - мемлекеттердің заңды төлем құралы ретінде қабылдаған ақша бірлігі немесе банкноттар, қазынашылық билеттер мен тиындар, соның ішінде қымбат металдардан жасалған тиындар (айналымнан алынған немесе алынатын, бірақ айналымда жүрген ақша белгісімен айырбастауға жататынын қоса алғанда) түріндегі қолма-қол және аударым нысандарындағы құнының ресми стандарттары, сондай-ақ шоттардағы, соның ішінде халықаралық ақша немесе есеп айырысу бірліктеріндегі қаражат;

3) ұлттық валюта - Қазақстан Республикасының валютасы;

4) шетел валютасы - шет мемлекеттердің валютасы;

5) резиденттер:

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын жері бар, соның ішінде шетелде уақытша тұратын немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінде оның шегінен тыс жерлерде жүрген жеке тұлғалар;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жері бар барлық заңды тұлғалар, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерлерде орналасқан жері бар филиалдары мен өкілдіктері;

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық, сауда және өзге де ресми өкілдіктері;

б) резидент еместер - барлық заңды тұлғалар, олардың өкілдіктері мен филиалдары, сондай-ақ "резиденттер" ұғымында аталмаған жеке тұлғалар;

7) валюталық құндылықтар:

ш е т е л в а л ю т а с ы ;

номиналы шетел валютасымен көрсетілген бағалы қағаздар және төлем құжаттары ;

та з а р т ы л ғ а н қ ұ й м а а л т ы н ;

ұлттық валюта, резиденттер мен резидент еместер арасында олармен операциялар жасалған жағдайда құны ұлттық валютамен көрсетілген бағалы қағаздар және төлем құжаттары ;

8) и н в е с т и ц и я л а р :

ақшаны, бағалы қағаздарды, заттарды, мүліктік құқықтарды, оның ішінде интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелеріне құқықты және өзге де мүлік ті ;

инвестициялау объектісінің жарғылық капиталына қатысуды қамтамасыз ету;

бағалы қағаздарды сатып алу мақсатында беру;

9) экспорт-импорт мәмілелері:

жылжымайтын заттарға теңестірілген мүлікті қоса алғанда, тауарға меншік құқығының резиденттен резидент емеске (резидент еместен резидентке) ауысуын көздейтін мәмілелер (инвестицияларға жатқызылған мәмілелерден басқа); <*>

резиденттің резидент емеске (резидент еместің резидентке) қызмет көрсетуін (жұмыс орындауын), сондай-ақ резиденттің резидент емеске (резидент еместің резидентке) жылжымайтын заттарға теңестірілген мүлікті уақытша иелену және пайдалану құқығы мен лицензиялық шарт бойынша интеллектуалдық меншік объектілеріне құқықтарды беруді көздейтін мәмілелер; <*>

10) уәкілетті банктер - валюта операцияларын, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша операцияларды жүзеге асыратын банк заңдарында көзделген операцияларды жүргізуге лицензиясы бар банктер; <*>

11) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті

ұйымдар - шетел валютасымен банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар
з а ң д ы т ұ л ғ а л а р ; < * >

12) айырбастау пункттері - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясына сәйкес қолма-қол шетел валютасымен жүзеге асырылатын айырбастау операцияларын жүргізу үшін арнайы жабдықталған орындар.

Ескерту. 1-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.01.30. N 154 Заңымен , өзгерту енгізілді - 2003.05.08. N 411 Заңымен , 2003.07.10. N 483 Заңымен .

1-2-бап. Валюталық операциялар

1. Валюталық операциялар :

1) меншік құқығының және өзге де құқықтардың валюталық құндылықтарға ауысуына байланысты операциялар;

2) валюталық құндылықтарды кез келген тәсілмен Қазақстан Республикасына әкелу және жөнелту, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан әкету және жөнелту болып табылады .

2. Резиденттер мен резидент еместер арасындағы валюталық операциялар ағымдағы операциялар және капитал қозғалысына байланысты операциялар болып бөлінеді . < * >

3. Ағымдағы операциялар :

1) тауарлар, жұмыстар және қызметтер үшін төлемнің не аванс төлемінің мерзімін 180 күннен аспайтын мерзімге ұзартуды көздейтін экспорт-импорт мәмілелері бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруға арналған аударымдар;

2) 180 күннен аспайтын мерзімге кредиттер беру және алу;

3) салымдар (депозиттер), инвестициялар, заем және өзге операциялар бойынша дивидендтерді, сыйақыларды және өзге кірістерді аудару және алу;

4) гранттарды қоса алғанда, сауда сипатына жатпайтын аударымдар, мұрагерлік соманы, жалақыны, зейнетақыны, алименттерді және басқа сомаларды аудару ;

5) осы Заңмен капитал қозғалысына байланысты операцияларға жатқызылмайтын барлық өзге де валюталық операциялар болып табылады.

4. Капитал қозғалысына байланысты операциялар:

1) инвестицияларды жүзеге асыру;

2) интеллектуалдық меншік объектілеріне ерекше құқықты толық беруді көздейтін мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүргізуге арналған аударымдар;

3) жылжымайтын заттарға теңестірілген мүлікті қоспағанда, жылжымайтын мүлікке мүліктік құқықтардың ақысын төлеу үшін аударымдар; <*>

4) тауарлар, жұмыстар және қызметтер үшін төлемнің не аванс төлемінің мерзімін 180 күннен аспайтын мерзімге ұзартуды көздейтін экспорт-импорт мәмілелері бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруға арналған аударымдар;

5) 180 күннен аспайтын мерзімге кредиттер беру және алу;

б) < * >

7) зейнетақы активтерін жинақтауға байланысты мәмілелер бойынша халықаралық аударымдар;

8) жинақтау сипатындағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша халықаралық аударымдар;

9) валюталық құндылықтарды сенімгерлік басқаруға беру болып табылады. < * >

5. Егер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясында өзгеше мерзім белгіленбесе, резиденттер тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспорты төлемінің валютасын алуға және тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспорты күнінен бастап 180 күн ішінде немесе тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін жекелеген тауарлар экспорты күнінен бастап 365 күннің ішінде олардың уәкілетті банктердегі шоттарына есептелуге тиіс. <*>

Резиденттердің тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспортының төлемі ретінде алған валютасын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде өздері тіркелген мемлекеттің заңдары бойынша тиісті құқығы бар шетел банктеріндегі немесе өзге де қаржы институттарындағы олардың шоттарына есептеуге жол беріледі.

6. Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсету) үшін аванстық төлем жасауды көздейтін импорттық мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін резидент еместің пайдасына резидент аударған валютаны, резидент емес міндеттемелерін орындамаған жағдайда, резидент алуға және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясында өзге мерзім белгіленбеген болса, ол валюта аударым жасалған күннен бастап 180 күннен кешіктірілмей оның уәкілетті банктердегі шоттарына есептелуге тиіс. <*>

7. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті банктеріндегі шоттарға міндетті түрде аударылуға жататын шетел валютасы түріндегі қаражатты шетелден қайтармау, сондай-ақ тауарға төленген ақша сомасына пара-пар тауарды алмау не Қазақстан Республикасының валюталық заңдарында белгіленген мерзімдерде импорттық мәмілелер бойынша ақшаны қайтармау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады. <*>

Ескерту. 1-2 баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.01.30 . N 154 Заңымен , өзгерту енгізілді - 2003.05.08. N 411 Заңымен .

II-тарау. ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ

2-бап. Валюталық реттеу органдары

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасындағы валюталық реттеу функцияларын жүзеге асыратын негізгі валюталық реттеу органы болып т а б ы л а д ы .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі және өзге де мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз құзыретінің шегінде валюталық реттеуді жүзеге асырады.

2-1. Валюталық реттеу органдары әзірлеген валюталық реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен міндетті түрде келісілуі тиіс.

Ескерту. 2-1 тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.01.30. N 154 Заңымен .

3-бап. Валюталық операциялар жүргізуге қойылатын шектеулер

1. Халықаралық міндеттемелерді орындау мақсатында және төтенше жағдайлар пайда болған реттерде Қазақстан Республикасының Президенті кез келген валюта операцияларын шектеу немесе тоқтата тұру жөнінде шешім қ а б ы л д а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі резиденттердің экспорттық операцияларының төлем валютасына шектеу қоюға және экспорттық валюта түсімін міндетті түрде сату тәртібін белгілеуге құқылы.

2-1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жекелеген экспорт-импорт мәмілелері бойынша есеп айырысулар нысанына шектеулер белгілеуге құқылы.

Ескерту. 2-1 тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.01.30. N 154 Заңымен .

4-бап. Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияларды лицензиялау

1. Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияларды жасауға лицензиялар беруді, олардың қолданылуын тоқтата тұруды және кері қайтарып алуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі заңдарға сәйкес жү з е г е а с ы р а д ы .

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған операцияларды лицензиялайды.

3. Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияларды жүзеге асыруға лицензиялар барлық қажетті құжаттар тапсырылған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей беріледі.

4. Лицензияларды кері қайтарып алуға не қолданылуын тоқтата тұруға:

1) лицензиаттың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес талап етілетін ақпаратты бермеуі немесе көрінеу жалған ақпарат беруі;

2) лицензиаттың валюта заңдарын бұзуы;

3) "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де негіздемелер негіз болып табылады."

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.01.30. N 154 Заңымен .

5-бап. Валюталық операциялар туралы есеп және ақпарат беру

Валюталық операциялар бойынша есепке алу мен есеп берудің нысандарын уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша олардың құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді және оны барлық резиденттер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместер орындауға міндетті.

Қазақстан Республикасының барлық резиденттері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместер ақпараттар мен құжаттарды:

осы Заңның талаптарын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және басқа валюталық бақылау органдарының сұратуы бойынша;

уәкілетті банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарға олар арқылы жүргізілетін валюта операциялары бойынша беріп тұруға міндетті.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.01.30. N 154 Заңымен .

6-бап. Валюталық бақылау

1. Қазақстан Республикасындағы валюталық бақылауды валюталық бақылау органдары мен агенттері жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес валюталық реттеу қызметін жүзеге асыруға құқылы мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасындағы валюталық бақылау органдары болып табылады.

3. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдар, сондай-ақ алған лицензияларына сәйкес олар операциялар жүргізген кезде валюта заңдарының сақталуын бақылау міндеті жүктелген басқа да ұйымдар валюталық бақылау агенттері болып табылады.

Валюталық бақылау агенттері:

1) операциялар, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша операциялар жүргізген кезде валюта заңдарының талаптарын сақтауға;

2) валюта операциялары бойынша есепке алу мен есеп берудің толымдылығы мен объективтілігін қамтамасыз етуге;

3) валюта заңдарын клиенттерінің бұзуының өздеріне мәлім болған фактілері туралы құқық қорғау органдарына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне хабарлауға міндетті.

4. Валюталық бақылау органдары өз қызметтерін жүзеге асыру үшін валюталық бақылау агенттерін тартуға және оларды міндетті түрде орындауы үшін жекелеген тапсырмалар беруге құқылы.

Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен , 2001.01.30. N 154 Заңымен .

Ш ТАРАУ. ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР

7-бап. Қазақстан Республикасында шетел валютасымен операциялар жүргізудің негіздері

1. Резиденттер арасындағы операциялар бойынша барлық төлемдер және аударымдар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде, сондай-ақ салық және кеден заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тек қана Қазақстан Республикасының валютасымен жүргізілуге тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген шектеулер тараптардың бірі болып операцияларға қатысатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қатысатын операцияларға қ о л д а н ы л м а й д ы .

3. Қазақстан Республикасында шетел валютасын сатып алуды, сатуды және айырбастауды резиденттер мен резидент еместер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін тәртіппен уәкілеттік берілген банктер мен уәкілеттік берілген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ олардың айырбастау пункттері арқылы жүргізеді.

4. Уәкілеттік берілген банктер мен уәкілеттік берілген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ олардың айырбастау пункттерінен тыс жерлерде шетел валютасын сатып алуға, сатуға және айырбастауға тыйым салынады.

5. Резиденттер мен резидент еместер арасындағы операциялар бойынша төлемдер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюта операциялары туралы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тараптардың келісімі бойынша кез келген валюта түрінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен , 2001.01.30. N 154 Заңымен .

8-бап. Резиденттердің есепшоттары

1. Резиденттер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен уәкілеттік берілген банктерде шетел валютасындағы есепшоттар аша алады. Егер Қазақстан Республикасының валюталық заңдарында өзгеше көзделмеген болса, резиденттердің тауарлар мен қызметтер үшін төлем ретінде, сондай-ақ несие ретінде алатын шетел валютасы уәкілеттік берілген банктердегі есепшоттарына міндетті түрде есептелуге тиіс. <*>

2. Резиденттердің Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген тәртіпте шетел банктерінде Қазақстан Республикасының валютасымен және шетел валютасымен есепшоттары болуы мүмкін.

3. Уәкілеттік берілген банктердің Қазақстан Республикасының банктері мен шетел банктерінде корреспонденттік және өзге де есепшоттары болуы мүмкін.

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.05.08. N 411 Заңымен .

9-бап. Резидент еместердің есепшоттары

1. Резидент еместердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіпте уәкілеттік берілген банктерде Қазақстан Республикасының валютасымен және шетел валютасымен есепшоттары болуы мүмкін.

2. Шетелдік банктер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіпте Қазақстан Республикасының банктерінде шетел валютасымен және Қазақстан Республикасының валютасымен корреспонденттік және өзге де есепшоттар ашуға құқылы.

10-бап. Шетел валютасымен айырбастау операциялары

1. Уәкілеттік берілген банктер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген валюталық ашық позиция лимитінің шегінде Қазақстан Республикасында және шет елдерде шетел валютасын еркін айырбастай алады, сатып алады және сата алады.

2. Уәкілеттік берілген банктердің шетел валютасын сатып алуы, сатуы және айырбастауы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Уәкілеттік берілген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар өздеріне берілген лицензияға сәйкес Қазақстан Республикасында операциялар жүргізу үшін шетел валютасын айырбастай алады, сатып алады және сата алады.

4. Резиденттер және резидент еместер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен шетел валютасын сатып алуға, сатуға және айырбастауға құқылы.

Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен .

11-бап. Халықаралық банктік төлемдер мен аударылымдар

1. Резиденттер мен резидент еместер арасындағы ағымдағы операцияларды орындау үшін жүзеге асырылатын халықаралық банктік төлемдер мен аударылымдарды уәкілеттік берілген банктер шектеусіз, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен жүргізеді. <*>

2. Капитал қозғалысына байланысты және Қазақстан Республикасының валютасы мен шетел валютасын пайдалана отырып жүргізілетін операцияларды орындау үшін жүзеге асырылатын халықаралық банктік төлемдер мен аударылымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Халықаралық банк төлемдері мен аударылымдары: резиденттердің резидент еместер эмиссиялаған бағалы қағаздарды; резидент еместердің резиденттер эмиссиялаған бағалы қағаздарды сатып алу мақсатында жүзеге асырылады, олар Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттардың нормаларын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген және қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісілген тәртіппен жүргізіледі. <*>

4. Қазақстан Республикасынан экспортқа шығарылатын тауарлар мен қызметтерден түскен валюталық түсімдер резиденттердің Қазақстан Республикасы банктеріндегі есепшоттарына шектеусіз есептеледі.

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.05.08. N 411 Заңымен , 2003.05.16. N 416 Заңымен , 2003.07.10. N 483 Заңымен .

12-бап. Халықаралық почта аударылымдары және валюталық құндылықтарды жөнелту

Халықаралық почта аударылымдарын және валюталық құндылықтарды жөнелтуді Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес Ұлттық почта операторы жүзеге асырады. <*>

Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.05.08. N 411 Заңымен .

13-бап. Номиналы және (немесе) құны ұлттық валютада көрсетілген валюталық құндылықтарды, қолма-қол ұлттық валютаны, бағалы қағаздарды және төлем құралдарын әкелу және әкету

1. Резиденттер мен резидент еместердің валюталық құндылықтарды әкелуі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Валюталық құндылықтарды әкету тәртібі мен нормасын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

4. Қолма-қол ұлттық валюта мен ұлттық валютадағы төлем құралдарын әкелу мен әкету Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіпте жүзеге асырылады.

5. Номинал құны ұлттық валютамен көрсетілген бағалы қағаздарды әкелу мен әкету Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің келісімі бойынша қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады. <*>

6. Валюталық құндылықтарды әкелудің және әкетудің кедендік ресімдеу тәртібі кеден заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.09. N 277 заңымен, 2001.01.30. N 154 Заңымен, 2003.07.10. N 483 Заңымен.

IV тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Ескерту. 4-тарау жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.05.08. N 411 Заңымен.

14-бап. Валюталық бақылау органдары лауазымды адамдарының және агенттерінің құқықтары мен міндеттері <*>

1. Валюталық бақылау органдарының лауазымды адамдары және агенттері тексерулер кезінде туындайтын мәселелер бойынша өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қажетті түсініктер мен мәліметтер алуға құқылы.

2. Валюталық бақылау органдарының лауазымды адамдары және агенттері резиденттер мен резидент еместердің қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиясы бар мәліметтерін жария етпеуге міндетті.

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 431 Заңымен.

15-бап. Қазақстан Республикасының валюталық заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының валюталық заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Қазақстан Республикасының

Президенті